

**БУЛЛИНГ -
бүгінгінің қасіреті**



2-БЕТ

**Арнайы орталық
ашылды**



3-БЕТ

ОРМАН ҚЫЗЫ



8-БЕТ



• ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Сұлтанбек ҮСПБЕКОВ,
Түркістан облысы
Кентау ҚІП-нің бастығы:

**«ҚОҒАМДЫҚ
ТӘРТІПТІ
ҚАДАҒАЛАУ –
БАСТЫ МІНДЕТ»**

– Сұлтанбек Асанұлы, Кентау қаласында жол қауіпсіздігінің жайы қалай?

– Қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі жол апаты. Көлік саны күн санап көбейіп, апаттан болатын адам өлімі толастамай тұр. Кентау қаласы аумағында 2023 жылы 44 жол-көлік оқиғасы орын алып, соның салдарынан 55 адам әртүрлі дене жарақаттарымен Кентау қалалық орталық ауруханасына түскен, 4 адам қаза болды.

Қаламызда жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі, оның ішінде қауіп факторларын жоюға және жол-көлік оқиғаларының санын қысқартуға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылып жатыр. Ескерту жол белгілері мен арнайы жарнамалық билборд орнату бойынша құзырлы органдарға жазбаша түрде ұсыныстар жолданды. Оның бірі – Сәкен Сейфуллин көшесі бойындағы жолдың қысқаруы. Қазіргі таңда ол ретке келтіріліп, аталған орында жол-көлік оқиғалары біршама азайды. Жол белгілері мен бағдаршамдар орнату, жол сызбалары мен жаяу жүргінші өткелдерін сызу, көшелерді жарықтандыру тротуарлар салу орнын анықтап, құзырлы органдарға жазбаша түрде ұйғарымдар жолдануда.

– Кентау қаласында құқық-бұзушылықтың және жол апатының алдын алу бойынша қандай шаралар қабылданып жатыр?

– Жол-көлік оқиғаларын азайту мақсатында ҚР ІІМ мен Түркістан облысы ПД-нің нұсқауларына сәйкес, Кентау қаласы аумағында жедел жағдайда сауықтыру, қоғамдық орындар мен көшелердегі құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу, автокөліктердің тиісті құжаттарын тексеру, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және мал ұрлығының алдын алу, болған қылмыстарды дер кезінде ашу бағытында түнгі топ құрылды. Сотқа дейінгі жеделдетілген өндірістік хаттама мен қылмыстық теріс қылықты анықтау мақсатында күнделікті және әр аптаның жұма-сенбі-жексенбі күндері «Құқықтық тәртіп», «Тұрмыс», «Көше», «Қауіпсіз қала», «Броконьер», «Түнгі қала», «Учаске», «Борышкер» «Уылдырық» және «Қадағалау» жедел-профилактикалық рейдтік іс шаралар ұйымдастырылуда.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 5-бетте)

ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№17 (3646)
1 наурыз 2024



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢ БҰЗҒАН СУДЬЯҒА ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНДА ОРЫН ЖОҚ



Қызметтік әдепті бұзғаны үшін мемлекеттік қызметтен шеттетілу мерзімі қысқармақ. Кезекті Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында бірінші оқылымда мақұлданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының басты жаңалығы осы болып отыр.

• КЕЛБЕТ

ЕҢБЕГІМЕН ЕР СЫЙЛЫ

Мерейтой иесімен алғаш рет 1987 жылы маусым айының соңында Алматыда кездестім. Астанаға жаңадан келген мен Алматы қалалық соты төрағасының міндетін атқарушы болып тағайындалған едім. Ол кезде сонау Орал тауының бөктерінде орналасқан Ивдель қаласында судья болып қызмет атқарған Жұмагелді Сәкенұлы өкілеттігін тоқтатып, тарихи отаны Қазақстанға қайтып оралды. Ол маған дейінгі басшылықтың жасаған сайлау тізіміне енгізілген болатын, сондықтан мен оны қалалық соттың мүшелігіне кандидат ретінде қабылдадым.

Жеке ісімен танысқаннан кейін үміткерге деген оң көзқарасым қалыптасты. Жақын әңгімелесу барысында мен оны жоғары білікті маман, талашшыл, өз күшіне сенетін адам деп білдім. Сол тұста ғылым жолында жүрген ол кандидаттық диссертациясын дайындап, кандидаттық минимумдарын тапсыру үстінде еді.

Бір-екі күннен кейін қалалық сот төрағасының жұмыс істеп жатқан орынбасарының кандидатурасы сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық

бұзушылыққа қатысы бар деген күдікпен сайлау тізімінен алынып тасталды. Шұғыл жаңа кандидатура іріктеуге кірістік. Сол тұста ойыма бірден Жұмагелді Сәкенұлының кандидатурасы келді. Өйткені, ол тамыр-таныстықты білмейтін, таза адам еді. Дегенмен, алдымен сынап алмақ болып Жұмагелді Сәкенұлына соттағы қылмыстық істер бойынша атқару өндірісінің жай-күйін тексеруді, келген нұқсанның түпкілікті сомасын анықтауды және қажет болса бүкіл қылмыстық істер мұраға-



тын жүйелеуді сұрадым. Кейін Жұмагелді Сәкенұлының өз естелігінде бұл сынақ: «Мен бұған барлық күш-жігерімді салдым, кешке дейін бас көтермей жұмыс істедім, буда-буда қағаз бен том-том болып үйіліп жатқан құжаттардан басқа ештеңені көрмедім. Әбден қалжырап үйге келісімен төсекке

құлайтынмын» деп жазды. Бұл жұмысты ол санаулы күнде мінсіз орындады.

Тандауымның дұрыс екеніне көзім жеткен соң, Жұмагелді Сәкенұлын жаңа қызметке бекіту үшін дереу Қазақ КСР Әділет министрлігіне шақырдым. Кандидатурасына объективті оң баға берілгеніне, жеке ісінің мінсіз болғанына қарамастан, министрдің орынбасары менің ұсынысымды қолдамай тұрып алды. Тіпті «Сен оны білмей ұсынып отырсың, ол бір күн де облыстық сотта жұмыс істемеген, бұл ойластырылмаған шешім» деп өз уәжін алға тартты.

Мен айтқанымнан қайтпаймын деп шешіп, табандылық танытуға тырыстым. Алайда, аздаған үнсіздіктен соң басшы: «Жарайды, оны сенің жеке жауапкершілігіңе сай қолдаймын» деді. Сосын: «Құттықтаймын!» деп қолымды қысты. Бірнеше күннен кейін, 1987 жылдың 4 шілдесінде сайлау өтіп, Жұмагелді Сәкенұлы өзі үшін де, басқалар үшін де күтпеген жерден Алматы қалалық соты төрағасының орынбасары болып сайланды да, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасын басқаратын болды.

Қызметке кіріскен алғашқы күннен-ақ ол биік бедел мен құрметке ие болды. Аудандық соттар мен қасасалық сатыдағы соттың бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыруға, ауыр қылмыс санатына жатпайтын қылмыстарға жаза тағайындаудың заңды, ізгі және әділ тәжірибесін дамытуға зор үлес қосты.

(Соңы 4-бетте)

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

Ақсуат ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер телімдерін жалға беру жөнінде конкурсты өткізеді.

Конкурсқа қатысуға өтінім және конкурстық ұсыныстар Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 43-1-бабының талаптарына және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрі – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарының 2018 жылғы №158 бұйрығымен бекітілген «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу» қағидаларына сай келуі тиіс.

Конкурсқа өтінімдерді қабылдау және тіркеу 2024 жылдың 1 сәуірінен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Мекенжайы: АО, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылы, Абылай хан көшесі, 13 орналасқан «АО Ақсуат ауданының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі, 110-кабинет мекенжайы бойынша жүзеге асырылады. Телефон 8(72346) 2-10-43.

Ескерту
Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурстық қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) конкурстық қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс

Конкурстық ұсыныста:

- 1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды

Ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер телімдерін жалға беру жөнінде конкурстық шыққан жер учаскелерінің тізімі

№	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы	Жалпы алаңы гектар	Лот-тар №	Жалға беру мерзімі жыл	Жер учаскесінің орналасқан жері, есеі кварталы	Нақты орналасқан жері
1	Бекітілген жер көлемі га, Егістік	10	53	25 жыл	Ырғызбай ауылдық округі 23-333-041	Қожакеді ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 1,6 км
2	Бекітілген жер көлемі га, Егістік	10	54	25 жыл	Ырғызбай ауылдық округі 23-333-041	Қожакеді ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 1,7 км
3	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	35	55	25 жыл	Ырғызбай ауылдық округі 23-333-041	Ырғызбай ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 18,2 км
4	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	500	56	25 жыл	Ырғызбай ауылдық округі 23-333-041	Қожакеді ауылынан батысқа қарай 26,1 км
5	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	500	57	25 жыл	Ырғызбай ауылдық округі 23-333-041	Қожакеді ауылынан батысқа қарай 26,2 км
6	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	210	58	25 жыл	Көкжыра ауылдық округі 23-333-053	Көкжыра ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 55,6 км
7	Бекітілген жер көлемі га, Егістік, жайылымдық	15	59	25 жыл	Күмкөл ауылдық округі 23-333-050	Күмкөл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 11,5 км
8	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	66	60	25 жыл	Күмкөл ауылдық округі 23-333-050	Күмкөл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 42,0 км
9	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	432	61	25 жыл	Күмкөл ауылдық округі 23-333-050	Күмкөл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 22,4 км
10	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	469,4	62	25 жыл	Кіндікті ауылдық округі 23-333-039	Кіндікті ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 38,2 км
11	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	742,7	63	25 жыл	Кіндікті ауылдық округі 23-333-039	Кіндікті ауылынан солтүстік-батысқа қарай 6,6 км
12	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	155	64	25 жыл	Кіндікті ауылдық округі 23-333-039	Кіндікті ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 23,2 км
13	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	500	65	25 жыл	Кіндікті ауылдық округі 23-333-039	Чан ауылынан солтүстік-батысқа қарай 4,5 км
14	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	573	66	25 жыл	Кіндікті ауылдық округі 23-333-039	Кіндікті ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 29,0 км
15	Бекітілген жер көлемі га, Егістік	10	67	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-048	Ойшілік ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 6,8 км
16	Бекітілген жер көлемі га, Егістік	10	68	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-048	Ойшілік ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 6,8 км
17	Бекітілген жер көлемі га, Егістік	10	69	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-048	Ойшілік ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 6,9 км
18	Бекітілген жер көлемі га, Егістік	10	70	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-048	Ойшілік ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 6,9 км
19	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	40,5	71	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-048	Ойшілік ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 31,2 км
20	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	200	72	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-048	Ойшілік ауылынан солтүстікке қарай 15,2 км
21	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	550,8	73	25 жыл	Қызылкесік ауылдық округі 23-333-055	Қызылкесік ауылынан солтүстік-батысқа қарай 20,0 км
22	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	129,6	74	25 жыл	Қызылкесік ауылдық округі 23-333-055	Үштөбе ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 14,0 км
23	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	114,3	75	25 жыл	Қызылкесік ауылдық округі 23-333-055	Үштөбе ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 12,5 км
24	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	100	76	25 жыл	Қызылкесік ауылдық округі 23-333-055	Үштөбе ауылынан солтүстікке қарай 11,0 км
25	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	500	77	25 жыл	Қызылкесік ауылдық округі 23-333-055	Қызылкесік ауылынан солтүстік-батысқа қарай 19,5 км
26	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	299,9	78	25 жыл	Қызылкесік ауылдық округі 23-333-055	Егіндібұлақ ауылынан солтүстікке қарай 9,8 км
27	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	101	79	25 жыл	Қызылкесік ауылдық округі 23-333-055	Үштөбе ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 25,0 км
28	Бекітілген жер көлемі га, Шабындық	29,6	80	25 жыл	Ақсуат ауылдық округі 23-333-045	Екпін ауылынан солтүстік-батысқа қарай 3,5 км
29	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	17,6	81	25 жыл	Сәтпаев ауылдық округі 23-333-043	Сәтпаев ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 36,8 км
30	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	0,8517	82	25 жыл	Сәтпаев ауылдық округі 23-333-043	Сәтпаев ауылынан шығысқа қарай 4,8 км

МҰРАГЕРЛІК

7. 2023 жылы 1 қыркүйекте қайтыс болған Бойданов Жасұлан Тынысбайұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

8. 2023 жылдың 11 қыркүйегінде қайтыс болған аз. Султанбаев Марат Пернебаевичке қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлеріне және мүдделі тұлғалар жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы, тел. 87014743502.

9. 2023 жылы 26 тамызда қайтыс болған Жүмәділдаева Жұмақұл Қыпшақбайқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

17. 01.01.2024 жылы қайтыс болған аз. Журымбаева Сандигүл Сабыржановнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге нотариус З.Н. Кушекбаеваға хабарласуға болады. Мекенжайы: Астана қаласы, Р.Қошқарбаев даңғылы, 28 үй, 2-КБ, тел. 87024675855.

көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және ігеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агро-технологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық өтініштерімен конверттерді ашу және қорытындыларын шығару 2024 жылдың 22 сәуірі күні сағат 10.00-де Ақсуат ауылы, Төлегетай баба көшесі, 1 мекенжайы бойынша (аудан әкімінің ғимаратында) өтеді. Конкурс мынадай жағдайда өтпей деп танылады:

- 1) конкурстық қойылған әрбір жер телімі екі өтінімнен кем түссе;
- 2) конкурстық қойылған әрбір жер телімі бойынша конкурстық қатысуға екі қатысушыдан кем жіберілсе.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің, 010000 Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 8, 11-кіреберіс, «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры бос лауазымдық орынына конкурс жариялайды. Кәсіпорынның орналасқан мекенжайы: Астана қаласы, Есіл ауданы, «Шұбар» тұрғын үй алабы, Родионов көшесі, 11 ғимараты.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім мен мақсаты – Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде білім беру сапасын арттырудың ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етілуі, Қазақстан Республикасындағы студенттік контингентті қалыптастырудың жаңа үлгісін енгізілуі болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімінің болуы, кәсіпорынның бейініне сәйкес келетін экономикалық қызмет түрінде басы лауазымында кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы және «іскерлік әкімшілік ету магистрі» ғылыми дәрежесі немесе басқару (менеджмент) сала-сындағы қосымша білімінің болуы мүмкін.

Конкурсқа мынадай тұлғалар қатыса алмайды:

- 1) он сегіз жасқа толмаған;
- 2) бұрын сыйбәйас жемқорлық қылмыс жасаған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптен өтелмеген немесе алынбаған сотталғышы бар;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды ұсынады:

«Қазушар» РМҚ Солтүстік Қазақстан филиалы 2023 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында кәсіпорынның реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметі туралы – «Сергеева, Петропавл ву коймалары бар су тораптарының тірек гидротехникалық құрылыстарының көмегімен жер үсті ағынын реттеу» туралы тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Тыңдау 2024 жылғы 29 наурызда сағат 11:00-де Петропавл к., К. Сүтөшев к-сі, 58, онлайн мекенжайы бойынша «ZOOM» бейнеконференциямен жүзесінің көмегімен өтеді. Бейнеконференция идентификаторы: 514 485 10 70. Кіру коды: 1 2 3 4 5. Осы тыңдауға қатысуға ниет білдірушілерден 8-7152-46-33-94 телефоны бойынша хабарласуларыңызды сұраймыз.

ТАРАПТУ

3. «md-agro» ЖШС, БСН 181040009516, өзінің тарап-тылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Космонавтар көшесі, 19 үй.

4. «Объединение Собственников Имущества «Ауэзов-ба 83»», БСН 220640040550 (ҚР, Павлодар облысы, Ақсу қаласы, М.Әуезов көшесі, 83 үй), өзінің тарап-тылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Павлодар облысы, Ақсу қаласы, М.Әуезов көшесі, 83 үй, 36 пәтер. Тел. 87051853032.

5. «Нұр-саят 2023» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 230240017900, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 090805, ҚР, БҚО, Қаратөбе ауданы, Жусанды ауылы, Абай көшесі, 12 үй. Тел. 87056221437.

16. «Шынболат» ӨК (БСН 001240013010) өзінің тарап-тылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Космонавтар көшесі, 30.

18. «Ефм & Со» ЖШС, БСН 230940008351, өзінің тарап-тылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Толе би көшесі, 62, тел. 87023264573.

19. «Bolat Stroy Sity» ЖШС, БСН 230240013114, өзінің тарап-тылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Амман көшесі, 8 ғимарат, 5 қабат, 504 кеңсе, тел. 87009603700.

20. «Көркем Несие» Несие серіктестігі» ЖШС, БСН 150540000295, өзінің тарап-тылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, мкр 5, 22/1 үй, тел. 87768990806.

21. «Байқоңыр Даму Инвест» несие серіктестігі» ЖШС, БСН 151140024786, өзінің тарап-тылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төртата көшесі, Омаров көшесі, 55 үй, тел. 87757575757.

Анықтамаға арналған телефон: +7 775 371 29 69
Лиц. 01.21.0009Л

12. «Атырау - Валют» шағын қаржылық ұйымы» (БСН 031040002053) өзіне микроқаржы қызметін жүзеге асыруға 24.02.2021 ж. берілген № 06.21.0002.М. лицензиясының әрекетін тоқтату туралы Қазақстан Республикасы қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігіне ерікті түрде жүгінгенін хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, Қайырғали Смағұлов көшесі, 56 үй.

28. Орал қаласы № 2 сотының 26.02.2024 жылғы ұйғарымымен Орал

1) қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілген конкурстық қатысу туралы өтінім;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндемесі (фотосуретпен қоса);

3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

4) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттар;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» № 075/е нысаны бойынша анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби дәрігерлік деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығымен ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім пен құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қабылданады.

22. «Best Technic Astana» (Бэст Техник Астана) ЖШС, БСН 151240007214, өзінің тарап-тылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Абыраулы тұйық көшесі, 13 ғимарат, пошта индексі 010000, тел. +77012206821.

23. «Best Technic» (Бэст Техник) ЖШС, БСН 150440023756, өзінің тарап-тылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Сүйінбай даңғылы, 66В үй, пошта индексі 050000, тел. +77028906111.

24. «SOWITEK Kazakhstan» (СОВАТЕК Казахстан) ЖШС, БСН 130640011250, өзінің тарап-тылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрлан Қаппаров көшесі, 402 үй, 6 т.е.ғ., 2 қабат, тел. +77077123741.

25. «SOWITEK operation Kazakhstan» (СОВАТЕК оперейшн Казахстан) ЖШС, БСН 140740003572, өзінің тарап-тылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрлан Қаппаров көшесі, 402 үй, 6 т.е.ғ., 2 қабат, тел. +77077123741.

26. «OMV Petrom S.A.» («О Эм Ви Петром Эс. Эй») компаниясының Астана қаласындағы өкілдігі, БСН 090342010014, өзінің жойылатыны (есептік тіркеуден шығарылуы) туралы хабарлайды. Талап-арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050059, әл-Фараби даңғылы, 19, «Нұрлы-Тау» бизнес орталығы, 1Б блогы, 404 кеңсе, тел. +7(727)3117000.

29. «ЖАҢА БАҒЫТ» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 170440021496, өзінің тарап-тылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ОҚО, Ордабасы ауданы, Жетісу ауданы, А.Құнанбаев көшесі, 17/1 үй.

30. Жетісай ауданы әкімдігінің 08.11.2023 жылғы №826 қаулысы негізінде Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық мәдениет үйі» КММ, БСН 180940025479, өзінің тарап-тылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, М.Әуезов көшесі, 20, Жетісай ауданы әкімі аппаратының ғимараты.

қаласы, Балластная көшесі, 6 үй, 4 пәтерде тұратын Қайрмуханов Еркін Темуровичтің өтініші бойынша Орал қаласы, Балластная көшесі, 6 үй, 4 пәтерде тұрған Мухамбетов Жақсимбет Сағиевичті, 1957 жылғы 25 шілдеде туған, 2011 жылы мамыр айында үйінен шығып, жылдар бойы оралмаған, жұмыссыз, ЖСН 570725300970, қайтыс болды деп тану туралы №2711-24-00-2/961 азаматтық іс қозғалды. Мухамбетов Жақсимбет Сағиевичтің тұрғылықты жері туралы мәліметтері бар адамдардан осы хабарлама жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде Орал қаласының № 2 сотына (тел. 87112554326, +77784133818) және өтініш берушіге (тел. +77075149126) хабарлауды сұраймын.

Қызылорда облысының судьялар қауымдастығы Қызылорда қалалық сотының отставкадағы судьясы Жаубасаров Әмір Рүстембекұлына жұбайы

МЕЛДЕБЕКОВА
Патыма Исабайқызының
мегізсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:
«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.
ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705